



Аққол

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№11 (8097) 16. 03. 2024.
Сенбі / Суббота

Аудан әкімі А. Абдиновтың Рамазан айының басталуымен ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Құрметті алакөлдiктер!
Ардақты ағайын!**

Баршаңызды мұсылман әлемiнiң қастерлi мерекесi – қасиеттi Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Рухани тазару мен жаңаруға жол ашатын осы қасиеттi мейрам күллi мұсылман қауымы үшiн айрықша маңызды.

Рамазан айында өзара сыйластық пен мейiрiм, iзгiлiк пен кешiрiм сияқты асыл қасиеттер дәрiптеледi. Жұрт көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын берiп, қайырымдылық көрсетуге, сауапты iс атқаруға ұмтылады.

Ата-бабамыз қасиеттi Рамазанды «он екi айдың сұлтаны» деп ардақтаған. Ораза ұстаған жамағатқа ауызашар берiп, бiр-бiрiне ерекше құрмет көрсеткен. Ұлттық салт-санамызды ұштастырған асыл дiнiмiз ғасырлар бойы елдiң бiрлiгiн және қоғамның тыныштығын сақтау жолында маңызды рөл атқарып келедi.

Мұсылман ораза ұстап, ауыз бекiткенде имандылыққа бет бұрады, жаман iстерден аулақ болады, қылмыс-қиянат жасамайды, тәубаға келедi, ол адам рухани жағынан да тазарады. Сiздердiң осы iстерiңiз, тiлеген дұға-тiлектерiңiз жақсылықтың бастауы болсын!

Қадiрлi жамағат!

Рухани кемелденуге бастайтын Рамазан айында жасаған амалдарыңыз бен игi ниеттерiңiз қабыл болсын!

Қасиеттi ораза айында бүкiл мұсылманның жүрегiн қуаныш кернеп, жұртымыз татулық пен тыныштыққа бөлене берсiн!

Рамазан айы мұбәрәк болсын!

Жуырда Жанама ауылдық округі әкімінің сайлауы өтіп, дауыс беру нәтижесі белгілі болды. Тұрғындардың дауыс санына байланысты Парасат Азаматұлы Қожабеков Жанама ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Өңір басшысы А.Абдинов жаңа әкімді құттықтап, ізгі тілегін жеткізіп қайтты.



Жанамада жаңа әкім

Қожабеков Парасат Азаматұлы – Алакөл ауданы әкімінің 2024 жылғы 6 наурыздағы №11 қаулысымен Алакөл ауданы, Жанама ауылдық округінің әкімі лауазымына тағайындалды.

Ол 1991 жылы 11 ақпанда Алакөл ауданы, Жанама ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ, білімі – жоғары. 2008-2012 жылдары аралығында І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде құқық және экономика негіздері мамандығы бойынша тәмамдап, 2012-2013 жылдары Құқықтану мамандығы бойынша құқық магистрі академиялық дәрежесін алған.

Соңғы жұмыс орны: 2016 жылдан бері Үшарал қалалық округі әкімі аппаратының іс-қағаздар жүргізу жөніндегі бас маманы лауазымын атқарды.

Жалпы еңбек өтілі: 12 жыл 3 ай; Мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілі: 7 жыл 2 ай

Өз тілшіміз.

Общественный прием

Обратились с жилищным вопросом

Аким района А. Абдинов провел общественный прием граждан. Пришедшие жители обратились с насущными вопросами и проблемами.

Как показывает статистика предыдущих обращений граждан, большинство жителей района обращаются с жилищным вопросом, который поднимается на каждом приеме граждан. Многие из обратившихся приходят с просьбой о постановке их в очередь, другие же уточняют их порядковый номер. Однако, главным обращением остается получение собственных квадратных метров. Отметим, что в течение последних двух лет удалось ввести в эксплуатацию несколько многоэтажных жилых домов в восточной части города Ушарал, и в скором времени можно будет говорить о выдаче квартир в райцентре. Они выдаются и будут выдаваться в установленном порядке в установленном порядке пяти категориям граждан. Поэтому очередникам необходимо ясно понимать к какой категории они относятся.

В целом прием граждан прошел достаточно плодотворно. Обратившиеся 2 жителя района затронули жилищный вопрос, получили необходимую информацию и консультации из первых уст.

Ш. АСИНА.



В преддверии 8 Марта в районном доме культуры им. З. Койшыбаевой состоялся торжественный прием, на который были приглашены представительницы прекрасной половины нашего общества: многодетные матери, ветераны труда, общественницы, военнослужащие, правоохранительных органов. Нарядных, милых женщин и девушек с порога встречали дети и вручали свои интересные открытки с искренними пожеланиями. А праздничная атмосфера зала и лиричная музыка дополняли уютную обстановку торжества.

Приглашенных приветствовал аким района А. Абдинов, который отметил, что международный праздник - 8 Марта - посвящается всем представительницам слабого пола. Именно они вносят достойный вклад в социально – экономическое и демографическое развитие района.

Сегодня если половина населения района составляют жен-

Посвящается милым женщинам

щины, то в сфере образования и здравоохранения их – более 50 процентов, немалую часть объектов малого и среднего бизнеса возглавляют женщины. Наряду с этим, наши обаятельные и милые представительницы прекрасного пола наравне с мужчинами занимают активную позицию в обществе, демонстрируя хорошие деловые качества, коммуникабельность и многогранность своих способностей.

С праздничной трибуны прозвучали имена почетных граждан района, уважаемых героев труда, ветеранов: тех, кто сегодня проявляет свою женскую неповторимость и изящество ума в реализации отраслевых государственных программ.

- Во все времена человечество восславляет женщину – мать, сестру, труженицу, современницу, хранительницу домашнего уюта и тепла. И в этот праздничный день все самые душевные поздравления и пожелания, все цветы, песни и стихи посвящаются вам, наши дорогие и любимые женщины, – заключил свое выступление А. Абдинов.



Затем состоялась торжественная церемония награждения. Почетной грамоты акима района были удостоены: руководитель КГУ «областная ПМПК №4 - А. Алтынбекова, руководитель методического центра РОО - К. Калияева, соцработник Райсобеза - Р. Маралова, сержант отдела кадров в/ч 40398 - С. Рахимбаева, главный специалист акимата Лепсинского сельского округа - А. Камбарова.

Также 10 представительниц многодетных семей были удостоены подвесок «Күміс алқа», двоим вручены подвески «Ал-

тын алқа».

Ряд работников здравоохранения, правоохранительных органов и войсковых частей Ушаральского гарнизона были удостоены Благодарственных писем акима района.

Торжество праздника, весеннего настроения, улыбок и радости дополнило выступление певца А. Жүнісбекова, а также артистов районного дома культуры имени З. Койшыбаевой, песни которых сопровождалась овациями и выражением благодарности в их адрес.

Ш. НУКЕБАЕВА.

Жанамалықтармен жүздесті



Аудан әкімі А.Абдинов жұмыс кестесіне сәйкес Жанамалықтармен аудан округінің тұрғындарымен жүздесіп, ұсыныс-тілектерін естіп қайтты.

Алдымен аудан басшысы Алақөлдегі 2023 жылы атқарылған ауқымды жұмысқа тоқталып, әлеуметтік-экономикалық даму жоспарымен таныстырып өтті.

Ауыл тұрғындары тарапынан елді мекенге қатысты бірнеше өзекті мәселелер көтерілді. Атап айтсақ, Қарабұлақ ауылындағы табын мәселесі, су жетіспеушілігі, ауыл ішіндегі электр бағандарының ескіруі, жедел жәрдем көлігінің қажеттілігі туралы өтініштерін айтты. Аудан басшысы әр өтінішке жіті тоқта-

лып, шешу жолын айтып, бірқатар мәселелерді бөлім, мекеме басшылары мен округ әкіміне жүктеді.

Алақөл АПБ бастығы полиция майоры Арнұр Қалиұлы қоғамда белең алып жатқан телефон алаяқтарынан сақтану шаралары бойынша баяндама оқып, түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар Алақөл ауданы әкімі аппаратының жалпы бөлімшесінің басшысы А. Абсаликова ауыл тұрғындарына «Ресми тәртіпте Е-өтініш жасау - проблемалық мәселені мемлекеттік органдармен бірге шешудің тиімді тәсілі» тақырыбында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



Штаттан тыс кеңесші тағайындалды

Алақөл ауданы әкімінің мүгедектер ісі жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі болып – Болат Әмірұлы Смайлқанов тағайындалды.

Б.Смайлқанов 1965 жылдың 20 мамырында Алақөл ауданы Үшарал қаласында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1986 жылы Үшарал совхозында жүргізуші ретінде бастаған. Аталған мекемеде 1995 жылғы дейін қызмет атқарған.

-1995-2004 жылдары аралығында Үшарал коммуналдық пайдалану бөлімінің жылыту қазандығында слесарь;

-2004-2010 жылдары қазандық басшысы, 2010-2016 жылдары жылу шаруашылығының басшысы;

-2016-2021 жылдары аралығында «Әскери құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің учаскок басшысы;

-2021 жылдан бастап осы күнге дейін «Алақөлжылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының директоры қызметін атқаруда.

Мүгедектігі бар азаматтар үшін байланыс телефоны: 87769238989.

Бизнесті қорғау шарасы

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жаңа инвестициялық циклдің басталғанын хабарлады. Президент атап өткендей, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы проблемалар әсіресе өңірлерде айқын байқалады.

Мемлекет басшысы елімізде қолайлы бизнес-климатты қамтамасыз етуді тапсырды, бұл экономиканы дамытуға қосымша ынталандыру болады.

Осыған байланысты «Прокурорлық сүзгі» енгізілді. Енді инвесторлардың қызметін шектейтін мемлекеттік органдардың кез келген тыйым салу шешімдері, салық органдарының инвесторлардың қызметіне және басқа да функцияларына тексеру тағайындау туралы актілері мен шешімдері прокурорлармен келісілуге тиіс.

Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнама бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды.

Сонымен қатар, берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).

Сонымен бірге, кез келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqor.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕК
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің бастығы.

Н.АҚЫЛБАЙ,
Қабанбай батыр атындағы
тарихи-өлкетану музейінің қор
сақтаушысы.

Қазақтың киіз үйі – құт мекені

Киіз үй - «Атамыз - Алаш, керегеміз - ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз» деп, аталы сөз айтып қалдырған ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы. Киіз үй - тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ – мекені.

Солай бола тұрса да, оны қастерлеп ұстап, ғасырдан ғасырға мән-маңызын өзгертпей жеткізген біздің қазақ халқы екенін әрдайым мақтанышпен айтамыз. Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді халқымыз қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың тұрағы, құтты мекенжайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланды. Әрине, киіз үйді әркім біледі, бағалайды. Шынында да, арғы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйіміздің атқарған қызметі мен рөлі өте зор екеніне көз жеткіземіз. Оған қарап отырсақ, бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс мәдениеті, талғамы еш халықтан кем емес екен. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық

біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы - жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал XII - XIII ғасырлардағы мемлекеттердің Алтын орда, Ақ орда, Көк орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Ш.Уәлиханов айтқан.

Тағы бір ерекше айта кетерлік жай: біздің киіз үйіміз тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды десек те болады. Басқа елдердегідей емес, бұл ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады, әрі көшпелі (жылжымалы) құрылыс түріне жатады. Дала тұрғындарының тапқырлық шешімін осы тұрғыдан қарап бағалаған әлем ғылымы, мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік халықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. Мысалы, 1861 жылы қазақтар Париждегі Дүниежүзілік

этнографиялық көрмеге киіз үй апарып, еуропалықтарды таң қалдырып, бәйге алған. 1876 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлы Петербургке, 1890 жылы Ибраим Әділов Қазандағы көрмеге киіз үй апарып, қазақ мәдениетін Еуропаға паш еткен. 1827 жылы Бөкей ордасының ханы Жәңгір Ресей патшасы I Николайға киіз үй сыйлап, патша оған өте риза болған (Ә.Марғұлан). Жазушы Шыңғыс Айтматов Батыс Еуропадағы белгілі мұражайлардың бірінен қазақтың киіз үйін көргендігін жазды. Сондай-ақ Германияның Гамбург, Майндағы Франкфурт қалаларындағы мұражайларда да қазақ киіз үйлері бар. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлт мәдениетін, оның ішінде киіз үйдің қадірі мен орны өз дәрежесінде қайта дәріптелуі, оларға лайықты ас пен тойлардың өткізілуі және соған сәйкес ұлттық мәдениет рөлінің артуы киіз үйге деген көзқарасты айқындады. Енді той-думан тігілген киіз үй сән-сәулетімен, өнер шеберлерімен, ұлттық дәулетімен, түрлі спорт жарыстарымен дәрежеленетін болды. Мысалы, тоқ-

саныншы жылдар басында Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлардың, Бұхар жыраудың, ұлы Абайдың, Жамбылдың тойында киіз үйлер жүздеп, мыңдап тігіліп, оларға бәйгелер белгіленді. Осы тойларда тігілген киіз үйлердің ішінде халықты таңқалдырған Торғай ордасы жұрттың әлі есінде. Алғаш рет Көкшедегі 1991 жылы Абылай хан асында тігілген бұл орда басында 12 қанат, кейін 18 қанат болып көлемі ұлғайтылды. Ол 1992 жылы қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайында, 1993 жылы Есет батыр, Шақшақ Жәнібек батыр асында, 1995 жылы Абай тойында тігіліп, бірнеше рет жүлделі бәйгелерге ие болды. Бұл орданы дайындап, ұмыт болған істі батылдықпен қолға алған Торғай азаматтары сол кездегі Жанкелдин ауданының әкімі Жақан Қосабаев пен Ахмет Байтұрсынұлының жерлестері - Аңсаған Қоңқабаев және Болғанбай Қойшндер еді.

ЖОБА

Алақол аудандық мәслихаты ШЕШІМ

Алақол ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 «Шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген), Алақол аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алақол ауданы бойынша туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Д.КАРИМОВ.

ПРОЕКТ

Алакольский районный маслихат РЕШЕНИЕ

Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев по Алакольскому району

В соответствии с подпунктом 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14 июля 2023 года № 181 «Об утверждении Правил уплаты туристского взноса для иностранцев» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 33110), Алакольский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить ставки туристского взноса для иностранцев в местах размещения туристов по Алакольскому району в размере 0 (ноль) процентов от стоимости пребывания.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель маслихата

Д.КАРИМОВ.



ХҚКО – қоғамдық орындарда

Қазақстанның 20 облысында азаматтар мемлекеттік қызметтерді өз бетінше ала алатын 29 connection point ашылды. Оның бірі Талдықорған қаласында. Өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары сауда орталықтары, базарлар, автовокзалдар және банктер сияқты қоғамдық орындарда орналасқан.

Айта кетер болсақ, connection point – азаматтарға электрондық үкімет порталы арқылы қызметтерді өз бетінше алуға көмектесетін аумақ болып табылады. Мұнда клиенттер электронды қолтаңба алу, тұрғылықты жері бойынша тіркелу, зейнетақы жинақтары туралы анықтама алу және т.б. сияқты танымал қызметтерге тапсырыс бере алады.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін сауда орталықтың мекенжайы.

Қала	Атауы	Мекенжайы
Талдықорған	«City Plus» ССО	Қаратал ы/а, 20Б

Ақбота ОҚАСОВА,
«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалының PR-менеджері.

«Өткен жылы қазақстандықтар ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету секторларында 15 миллионнан астам қызмет алған болатын. Біз ірі қалалар мен облыс орталықтарында connection point орнату арқылы жобаны ауқымды етуді ұйғардық. Біз сауда орталықтарын, базарларды, автовокзалдарды кездейсоқ

таңдаған жоқпыз, ол жақтарда адам легі көп және азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсету үшін біздің қызметкерлерге жүгіну ыңғайлы болады», - деді Мемлекеттік корпорацияның Басқарма Төрағасы Арман Кенжеғалиев.

Айта кету керек, бүгінге дейін Талдықорған қаласындағы сауда орталығында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы 50 ден астам қызмет көрсетілді. Қаңтар айындағы ең танымал қызметтердің бірі азаматтық хал актілері туралы мәліметтерді түзетуге өтініш беру болды. Азаматтар «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына қатысу үшін балалар туралы мәліметтерді қоюға өтініш берген.

Основные семейные ценности

Для любой семьи перечень семейных ценностей будет содержать бесконечное количество пунктов. Но каждый из нас должен иметь четкое представление о тех семейных ценностях, которые способствуют укреплению фундамента для создания крепкой и дружной семьи. Знание моральных и нравственных устоев играет важную роль в укреплении доверия и повышения уверенности к каждому члену семьи.

Чувство значимости и необходимости. Важно, чтобы каждый член семьи знал, что его любя, ценят, в нем нуждаются. Даже будучи сплоченной семьей, каждому члену семьи должно быть выделено пространство и предоставлена свобода для деятельности. Семья это то место, где можно собираться без «особых» случаев, праздников, это безопасное место, в которое можно вернуться, когда что-то не получилось, вас примут, выслушают, поддержат, помогут.

Гибкость в решении семейных проблем – путь к счастью и ощущению комфорта. В каждой семье устанавливается свой порядок, режим дня, структура, правила. Но слишком много правил и порядка может привести к ухудшению отношений и появлению обид.

Честность образует глубокую связь между членами семьи. Поощряйте честность, практикуя понимание, уважение любых поступков, которые совершают ваши близкие. Если вы будете

сердиться на то, что произошло, вероятнее всего, в следующий раз от вас скроют информацию, чтоб избежать неуважения к своей личности.

Необходимо научиться прощать людей, которые вас обидели. Все делают ошибки. Жизнь слишком коротка, чтобы тратить ее на обиды. От обидчика вам стоит получить ответы на все волнующие вас вопросы и сделать выбор – принять, простить, отпустить и идти дальше.

Учитесь быть щедрыми на внимание, любовь, время, общение, даже на некоторые ваши материальные владения

Общение – отдельное искусство. Передача информации, чувств – важный элемент становления семейных отношений. Когда люди чувствуют, что легко и открыто могут выражать свои мечты, надежды, страхи, успехи, неудачи, то это способствует только укреплению брачных уз. Отсутствие общения приводит к тому, что малые вопросы перерастают в более крупные, которые заканчиваются ссорами, избеганием, разводом.

Ответственность. Все мы хотим казаться для других ответственными людьми. Некоторые из нас более ответственные, другие – менее ответственные. Чувство ответственности не требует много «подталкиваний», чтобы выполнить работу вовремя и правильно.

Традиции- это то, что делает семью уникальной, они сплачивают всех членов семьи.

Будьте примером для подра-

жания. Взрослые выступают примером для своих детей. Они передают им свои навыки решения проблем, совместной работы, общения и др.

Оцените свой вклад в развитие и укрепления ваших семейных уз. Хотя семейные отношения основаны на сильных кровных связях, все же в большой семье с течением времени чувства близости ослабевают, поэтому необходимо дополнительно прилагать усилия и уделять время для сохранения крепких семейных уз. Время от времени вы должны напоминать себе о важности семьи в вашей жизни.

Семья – это первая школа жизни для нового, только что появившегося на свет человека, это среда, в которой он учится использовать свои способности, чтобы понять внешний мир и справиться с его непредсказуемыми подарками. Все, что вы узнали из вашей семьи, становится вашей системой ценностей, на основе которых формируются ваши действия. Счастливая, радостная семейная жизнь – не случайность, а великое достижение, основанное на труде и выборе. Создание семьи – ответственный поступок, который потребует много времени, затрат, сил, энергии. Но это достойное дело, это наше главное дело жизни. Хочется, чтобы наши поступки были достойны уважения.

Ш. АСИНА.

Мемлекеттік қызметшілердің құқығы қорғалуда

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 32-бабының 4-тармағында шұғыл, күні бұрын болжанбаған жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытынан тыс істелетін жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартылуы мүмкін деп белгіленген.

Бұл ретте, көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметшіге демалыс күндері (сағаттары) беріледі немесе жұмысына мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесіне сәйкес өтемақы төленеді.

Егерде мемлекеттік қызметші Үстеме жұмысқа тартылса онда мемлекеттік қызметшінің келісімі және тиісті мекеме басшысының бұйрығы болуы қажет.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшінің үстеме жұмысы бойынша тиісті құжаттар болмаған жағдайда, яғни (бұйрық, мем-

лекеттік қызметшінің келісімі) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңының 89-бабына сәйкес лауазымды тұлғаға (бөлім немесе мекеме басшысы) бірінші ескерту түрінде хаттама толтырылады дәл сондай іс әрекет бір жылда қайталанатын болса 40 айлық есеп көрсеткіші бойынша айыппұл салынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы № 121 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Департамент мамандарымен «Е-қызмет» ақпараттық

жүйесінде мониторинг жүргізу нәтижесінде мемлекеттік қызметшілермен үстеме жұмыс жасағандары анықталды. Зерделеу барысында 12 мемлекеттік қызметшілерге қатысты үстеме жұмыс жасау фактілері дәлелденіп, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, 17 мемлекеттік органға бару арқылы мониторинг жүргізіліп, нәтижесі бойынша 4 мемлекеттік қызметші жұмыстан тыс уақытта мемлекеттік мекемеде жұмыстарын атқарып отырғандары үшін тиісті ұсыныс хат жолданды. Қарау нәтижесі бойынша 4 мемлекеттік қызметкерге үстеме жұмыс кезеңдері үшін демалыс сағаттары беріліп, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

М.САЙДИЛЬДИНА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің бас маманы.

Жекпе-жек жауынгерлері жарады

Алакөл ауданында ақ түйенің қарны жарылып, ұлттық спорт түрі жекпе-жектен турнир өтті. Бұл жарыс ауданымыздың атын дүниенің төрт тарапына танытқан, байрақты бәсекелерде көк туымызды желбіреткен, 10 дүркін Қазақстан чемпионы, үш дүркін Азия чемпионы, қатарынан бес мәрте әлем чемпионатының финалына шығып, үш дүркін чемпион атанған Айбол Жарболұлы Ахметовтың құрметіне ұйымдас-тырылған. Жас та болса бас болып, әуесқой спорттағы бар нәтижеге қол жеткізген спортшыға қандай құрмет болса да лайық.

«Жекпе-жек» – қазақтың ұлттық әскери-жауынгерлік өнері. Бес қаруын бойында ұстаған батыр бабаларымыздың даңқты дәстүрі. Келешек ұрпақтың рухты болуының кепілі. Ел мен жерді қорғаудың, Отан қорғаудың озық тәсілі, дәстүрлі жүйесі. Қазір бұл спорт түрі сол батырлардан қалған дара жолдың жалғасы іспетті.

Жарыстың ашылу салтанатында Жетісу облысы мәслихатының депутаты Алмат Садиев, Аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының басшысы Ердоc Нәсерханов құттықтау сөз сөйлесе, сынықшы, аудан ақсақалы Діңғазы Шәкенұлы бата берді. Сондай-



ақ Діңғазы Шәкенұлы мен Сақыш Омарқызына алғыс хат табысталды. Айта кету керек, ата-аналар өз атынан батыр жігіт Айбол Ахметовқа ат мінгізіп, құрмет көрсетті.

Балалар мен кіші жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында өткен дүбірлі додада спортшылар 20 салмақ дәрежесі бойынша сайысқа түскен. Шеберлігін шыңдаған шымыр балалар сегіз бұрышта бар өнерін көрсетті. Жекпе-жектердің бәрі дерлік көрермен рухын көтеріп, қызықты өтті. 20 салмақ дәрежесінің 20-сында алакөлдiк спортшылар жеңімпаз атанып, аудан жекпе-жекшілерінің мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл жарысты ұйымдастырушы – аудан атын танытып жүрген танымал бапкер, Алакөл ауданы жекпе-жек федерациясының президенті, жекпе-жектен ҚР ұлттық құрама-

сының аға жаттықтырушысы Арнұр Нұрланұлы.

Сайыс қорытындысы бойынша барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы құйылған медаль табысталды. Бұл медаль формасының да өз мәні бар. Себебі Айбол Ахметовтың Латвияда үшінші мәрте әлем чемпионы атанған медальдің формасында құйылған. Жастарға өнеге, батырға құрмет. Сондай-ақ жеңіс тұғырына көтерілгендерге телефон, құлаққап, сөмке сынды бағалы сыйлықтар табысталды. Жарыстың бас демеушісі: жеке кәсіпкер, Райын Рашиұлы Садырбеков.

Ұлттық спортты насихаттап, ерлерімізді ұлықтайтын ел болып, аудан атын әлемдік аренада танытқан спортшыларымыз әрдайым құрметке лайық!

А.СҮЛЕЙМЕН.

Облыстан отыз жүлде



Жуырда Талдықорған қаласында таеквондо спортынан Жетісу облысының чемпионаты өтіп, ауданымыздан Айдос Ернарұлының тәрбиесіндегі 30 шәкірт дүбірлі додаға аттанған еді. Білікті бапкердің

тәрбиесіндегі спортшыларымыз өңір мерейін үстем етіп, облыстан отыз жүлдеге ие болды. Қанжығамызды майлап, қоржынымызды жүлдеге толтырған жас спортшыларымызға құтты болсын айтып, алар

асулары әлі алда екеніне сенім білдіреміз.

Жеңіс тұғырына көтерілгендердің қатарында: Саяхат Жанерке, Тактагулова Равия, Слам Илияс, Меңғали Нұрым, Сағынай Томирис, Меңғали Балнұр, Нұрмағмет Ислам алтын жүлдені иемденсе, Жақан Толғанай, Слям Мерей, Салимбаева Малика, Серікқазы Жанель, Нұртай Бекзат, Сенімхан Өлішер, Саяхат Айсұлтан, Нұрмағмет Еркеназ, Бағыбай Бекзат күміспен күптелді. Ал Алиекбер Ясин, Мұқатай Анель, Мұқатай Іңкәр, Сабыржанқызы Аруна, Қапан Нәби, Шаймардан Өли, Мұратұлы Асқар, Байтуған Бақтұр, Мұқаметқан Елнұр, Русланұлы Дания, Жұмағазы Айдана, Сембай Бақтияр, Қуаныш Тамшы қола жүлдені кеудеге тақты.

А.ЕСЕНБЕКОВ.

Құттықтаймыз!

Құрметті БАЕКЕНОВ Серік Мұханұлы!

2024 жылғы 16 наурызда 63 жасқа толып отырған әкеміз Серік Мұханұлын зейнеткерлік жасымен құттықтаймыз. Еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере, шөберенің ортасында ардақты ата деген атты иеленіп жүре беріңіз.

Жақсылыққа бастайтын жаны жайсаң,
Асқар таудай пейілің асыл әкем.
Үстем болып мерейің, абыройың,
Ел алдында жан әке артсын бағаң.

Құтты болсын жасыңыз зейнеткерлік,
Бейнеттің сіз көріңіз зейнетін тек.
Саулығыңыз мықты боп асыл әкем,
Ортамызда жүріңіз сіз күлімдеп.

Ізгі тілекпен: жұбайы Саят, қыздары: Арайлым, Нұршат, Назым, Гульназ, күйеу балалары: Айдын, Диас. Немерелері: Нурлыбек, Мейрамбек, Амина, Аңсар.



Құрметті Асхат Басболатұлы!

Сізді 19 наурызда келетін төл мерекеңізбен, адам өмір жолының асқар биігі 50 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат, әріптес ретінде жақсы білеміз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілей отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілегін жолдаймыз.

Құтты болсын елу деген жасыңыз,
Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз!
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Өлі талай асулардан асыңыз!

Деніңіз сау, аман болып басыңыз,
Тек жоғары домаласын тасыңыз!
Ел-жұртыңның ортасында аман-сау,
Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз.



Ізгі ниетпен:
«Алакөл» компаниялар бірлестігі.

Жетісу облысы Алакөл ауданы Жанама ауылдық округіне сайланған әкімін тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2024 жылғы «03» наурызда болған Жетісу облысы Алакөл ауданы Жанама ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындысы туралы сайлау комиссиясы хаттамасының негізінде Алакөл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы:

1991 жылы туған, Алакөл ауданы Үшарал қаласының тұрғыны, «Үшарал қалалық округі әкімі аппаратында» бас маман – Кожабеков Парасат Азаматович Жетісу облысы Алакөл ауданы Жанама ауылдық округінің әкімі ретінде тіркелді.

Алакөл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Требуется кассир-оператор на АЗС «Алакөл», график работы посменный - по 24 часа каждая смена. Работа сутки через трое. В месяц 8 смен.

•Зарплата 145 000 тенге.

Трудоустройство: пенсионные отчисления, полный соцпакет, зарплата наличными!

Обращаться по тел.: 8 778 524 90 25, 8 702 363 39 27.

Утеря документов

29 февраля 2024 года было утеряно клеймо АЛМ 0353 ОБ -1, принадлежащее Лепсинскому филиалу РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП, считать недействительным. В случае находки просим вернуть по адресу с.Лепсинск ул. F.Мұратбаева №15.

Меншік иесі:
«Алакөл айнасы» ЖШС-і.

Құрылтайшы:
Ғалым АЗАТҰЛЫ

Директор - Ғалым Азатұлы
Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Телефондар:

Директор: 3-52-63

Бас редактор: 3-52-68

Бас редактордың орынбасары: 3-51-74

E-mail: alakred@mail.ru

Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады

Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №KZ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.
ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 3260

Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.
Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.